

«Дене мүмкіндіктері шектеулі тұлғаларға арналған спорттық даярлау орталығы» РМҚК-ның 2021 жылға арналған сыбайлас жемқорлыққа қарсы мониторингінің нәтижелері бойынша анықтама

I. Кіріспе бөлім

«Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» Қазақстан Республикасы Заңының (бұдан әрі – Заң) 7-бабына сәйкес, Сыбайлас жемқорлыққа қарсы мониторинг – сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл субъектілерінің сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясаттың тиімділігіне, сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл саласындағы құқық қолдану практикасының жай-күйіне, сондай-ақ қоғамның сыбайлас жемқорлық деңгейін қабылдауы мен бағалауына қатысты ақпаратты жинау, өңдеу, жинақтап-қорыту, талдау және бағалау жөніндегі қызметі.

1. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы мониторингтің мәні – Орталықтың қызметі болып табылады.

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы мониторингтің негізгі міндеті – Орталықтың сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл бойынша қызметін зерттеу және бағалау болып табылады.

Орталық жедел басқару құқығындағы, ұйымдастырушылық-құқықтық нысандағы мемлекеттік кәсіпорын түріндегі заңды тұлға болып табылады.

2. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы мониторинг Орталықта өтті.

3. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы мониторингтің өткізілген кезеңі: 2021 жыл.

II. Ақпараттық-талдамалық бөлім

«Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 6-бабына сәйкес, сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл шараларының жүйесі:

1) сыбайлас жемқорлыққа қарсы мониторингі;
2) сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін талдау;
3) сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастыру;
4) Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес заңдық сараптама жүргізу кезінде сыбайлас жемқорлық сипаты бар нормаларды анықтау;

5) сыбайлас жемқорлыққа қарсы стандарттарды қалыптастыруды және сақтау;

6) қаржылық бақылау;

7) сыбайлас жемқорлыққа қарсы шектеулер;

8) мүдделер қақтығысын болдырмау және шешу.

2021 жылдың қорытындылары бойынша Орталықта сыбайлас жемқорлыққа қарсы мониторинг және сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне талдау жүргізілді.

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастыру білім беру, ақпараттық және ұйымдастырушылық сипаттағы шаралар кешені арқылы жүзеге асырылады, сондай-ақ сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі әрбір субъектінің міндеті болып табылады.

Орталық сайтында "Адалдық алаңы" жобасы аясында директор М.Д. Қасқырбаевтың азаматтарды қабылдау кестесі орналастырылған.

2021 жылғы 20 сәуірде Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт министрлігінің "Мәдениет және спорт министрлігі – Адалдық алаңы" сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс – қимыл жобалық кеңсесі Орталық қызметкерлерінің қатысуымен Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл мәселелері бойынша кеңес ұйымдастырды.

Кеңес спикерлері: Марат Болысбекұлы Қамзолдаев– "Мәдениет және спорт министрлігі - Адалдық алаңы" жобалық кеңсесінің басшысы, Ерқожа Әлқожаұлы Тілепберді - "Мәдениет және спорт министрлігі - Адалдық алаңы" жобалық кеңсесінің өкілі, Айгүл Әбдіғалбарқызы Сақтағанова - "Мәдениет және спорт министрлігі - Адалдық алаңы" жобалық кеңсесінің өкілі.

"Мәдениет және спорт министрлігі – Адалдық алаңы" жобалық кеңсесінің өкілдері сыбайлас жемқорлық туралы, оның көріну тетіктері, сыбайлас жемқорлық қылмыстарының түрлері және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл шаралары туралы айтып, ағымдағы жылы спорт саласында жасалған сыбайлас жемқорлық бағытындағы қылмыстар мен құқық бұзушылықтар туралы статистикалық деректерді келтірді.

Орталықта жобалық кеңсенің сенім телефондары көрсетілген және тиісті ақпарат орналастырылған сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл бойынша баннер бар.

Қазақстан Республикасының "Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы" Заңының 16 бабының 3 тармағына сәйкес, Орталық директорының бұйрығымен комплаенс-офицер болып директордың спорт жөніндегі орынбасары Рауан Тоқтарханұлы Қайырбаев тағайындалды.

Комитет бекіткен 2021-2022 жылдарға арналған мақалаларды жариялау кестесіне сәйкес, дене шынықтыру және спорт саласындағы сыбайлас жемқорлыққа қарсы бағыт туралы "Спорт саласындағы сыбайлас жемқорлық туралы" мақала 2021 жылғы 18 қарашадағы №47(5246) "Қазақ спорты" газетінде жарияланды.

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл мақсатында интернет-сайтта: Қазақстан Республикасының "Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы" Заңы, Қазақстан Республикасының 2015-2025 жылдарға арналған сыбайлас жемқорлыққа қарсы стратегиясы, сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жоспары жарияланды.

Заңнамалық сараптама өткізген кезде, сыбайлас жемқорлық сипаты бар нормаларды анықтауға қатысты: негізгі қызмет мәніне қатысты, сондай-ақ қызметінің мәні шеңберінде іске асырылатын мақсаттар мен міндеттерге сәйкес, Орталық бақылау-қадағалау функцияларын жүзеге асырмайды және жеке және заңды тұлғаларға мемлекеттік қызметтер көрсетпейді.

Орталық, спорт саласында, дене мүмкіндіктері шектеулі тұлғалар арасында қызметтің жүзеге асырылуын қамтамасыз етеді.

Қадағалау кезеңінде, Орталық қабылдаған және сыбайлас жемқорлық бойынша құқық бұзушылықтардың жасалуына ықпал ететін дискрециялық өкілеттіктер мен нормаларды анықтау бойынша Орталық қызметіне қатысты Орталық қабылдаған ішкі нормативтік құжаттарға сыбайлас жемқорлыққа қарсы мониторинг өткізді. Өткізілген мониторинг нәтижелері бойынша Орталықтың ішкі нормативтік құжаттарында сыбайлас жемқорлық бойынша құқық бұзушылықтардың жасалуына ықпал ететін дискрециялық өкілеттіктер мен нормалар анықталған жоқ.

Мемлекеттік сатып алуды жүзеге асырған кезде, сыбайлас жемқорлық тәуекелдерінің алдын алу мақсатында Орталықта, қызметкерлер «Мемлекеттік сатып алу туралы» Қазақстан Республикасы Заңының талаптарын, мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру қағидаларын қатаң сақтанады. Ұйым қызметінің ашықтығы мақсатында орталықтың сайтында "Бюджет" бөлімі бар.

Бұдан бөлек, Орталық қызметкерлерінің лауазымдық нұсқаулықтары талданды және олар штаттық кестеде көзделген барлық лауазымдарға қатысты әзірленіп, енгізілді. Осылайша, мониторинг нәтижелері бойынша, лауазымдық нұсқаулықтарда, қызметкерлердің лауазымдық міндеттері мен құқықтарының белгіленіп, анықталғандығы көрсетілген. Лауазымдық нұсқаулықтардың ережелерінде, қызметкерлердің сыбайлас жемқорлық әрекеттерін жүзеге асыру тәуекелдері көзделмеген.

Орталық қызметкерлерінің лауазымдық нұсқаулығында өзінің лауазымдық міндеттерін орындау кезінде қызметкер пара беру/алу, коммерциялық сатып алу ретінде жіктелетін іс-әрекеттерді, сондай-ақ заңсыз жолмен алынған кірістерді заңдастыруға (жылыстатуға) қарсы іс-қимыл туралы қолданылатын заңнама мен халықаралық актілердің талаптарын бұзатын іс-әрекеттерді жүзеге асырмайды, сондай-ақ басшылыққа және құқық қорғау органдарына сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылық жасаудың ықтимал жағдайлары туралы хабарлайды.

Қызметкерлердің еңбек шарттарында "Сыбайлас жемқорлыққа қарсы талаптар" бөлімі де қосылды.

Орталықта Сыбайлас жемқорлыққа қарсы стандарттар әзірленіп, Орталықтың интернет-сайтында жарияланды. Орталық қызметкерлері, сыбайлас жемқорлыққа қарсы стандарт қолданылатын салада жеке және заңды тұлғалардың құқықтары мен заңды мүдделерін іске асырған кезде, сондай-ақ өз құзыреті шеңберінде басқарушылық және өзге де шешімдерді дайындап, қабылдаған кезде, бұйрықтардың, нұсқаулықтардың, ережелердің және кәсіпорынның өзге де ішкі құжаттары мен актілерінің жобаларын дайындаған кезде, кәсіпорын қызметінің ерекшелігіне байланысты туындайтын өзге де өзара қатынастар кезінде сыбайлас жемқорлыққа қарсы стандарттар нормаларын ұстанады.

Қаржылық бақылауға қатысты. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы мониторингті өткізу, қаржылық бақылау шараларының толығымен

орындалғандығын көрсетті. Директор және директордың орынбасарлары 2021 жылға мемлекеттік кірістер департаментіне кірістер мен мүлік туралы декларацияларды уақтылы тапсырды.

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы шектеулерге қатысты, Заңның 12-бабына сәйкес, сыбайлас жемқорлыққа қарсы шектеулер – ол заңда белгіленген және сыбайлас жемқорлық бойынша құқық бұзушылықтардың алдын алуға бағытталған шектеулер, олардың негізінде мыналарға тыйым салынады:

1) мемлекеттік функцияларды орындаумен сыйыспайтын қызметті жүзеге асыру;

2) жақын туыстарының, жұбайлары (зайыптары) мен жекжаттарының бірге қызмет (жұмыс) істеуіне жол бермеу;

3) мүліктік және мүліктік емес игіліктер мен артықшылықтар алу немесе табу мақсатында, ресми таратылуға жатпайтын қызметтік және өзге де ақпаратты пайдалану;

4) Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес қызметтік өкілеттіктерін орындауына байланысты сыйлықтар қабылдау бойынша сыбайлас жемқорлыққа қарсы шектеулерді қабылдайды.

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы мониторингті өткізген кезде, жоғарыда көрсетілген шектеулерді бұзатын фактілер анықталған жоқ.

Орталық қызметкері өзінің лауазымдық міндеттерін орындау барысында бола алатын мүдделер қақтығысының жағдайлары тіркелген жоқ.

III. Қорытынды бөлім

Қорытынды: Өткізілген сыбайлас жемқорлыққа қарсы мониторинг барысында, сондай-ақ сыбайлас жемқорлыққа төзбестік ахуалын және сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастыру мақсатында, жұмыс тобы:

1) Қазақстан Республикасының Мемлекеттік қызмет істері және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігінің, құқық қорғау органдарының, «Нұр Отан» партиясының және Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт министрлігінің "Мәдениет және спорт министрлігі – Адалдық алаңы" сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі жобалық офисі өкілдерін тарта отырып, Орталық қызметкерлері арасында семинарлар өткізу арқылы, сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастыру бойынша жұмыстарды жүргізуді жалғастыруды;

2) Орталық қызметкерлерінің арасында тұрақты негізде түсіндіру жұмыстарын жүргізуді ұсынады.

Директор



М. Қасқырбаев